



КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТИ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 36 (7920)
Сәрсенбі,
31 тамыз 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

АРАЙ

■ ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ ҚҰРМЕТІНЕ

БІРЛІК ПЕН ЖЕТІСТІККЕ ЖОЛ АШАТЫН АЛТЫН КІЛТ

Осыдан 21 жыл бұрын – 1995 жылдың 30 тамызында Тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа бағытта дамуының іргетасын қалауға негіз болған тарихи құжат – Қазақстан Конституциясы қабылданды. Ол – бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстанның қазіргі уақытта қолданыстағы екінші Конституциясы.

Аталмыш мемлекеттік мереке құрметіне аудандық Мәдениет үйінде салтанатты жиын өтті. Мерекелік шара балалар музыка мектебінің домбыра оркестрі орындаған «Балбырауын», «Әке толғауы» күйлерімен ашылды. Сахна мерекеге сай әлемденген.

Алғашқы сөз кезегі аудандық Әділет басқармасының бастығы Қайрат Нұрқановқа берілді. Ол шағын баяндамасында әр елдің өзінің Ата Заңы, өзіндік ұстанымы болатындығын айта келіп, қазіргі таңда еліміздің құқықтық жүйесіндегі сот билігі мен қадағалаушы прокуратура органдарының Конституциясымен белгіленген міндеттеріне тоқталып өтті. Сот жүйесі де қоғам мен заман талабына сай әркез өзгеріп, дамып келе жатқандығын айта келіп, үлкенарындықтарды мерекелерімен құттықтап, бейбітшілік, денсаулық, табыс тіледі.

Онан соң, ҚР Конституциясы күнімен құттықтау сөз аудан әкімі Ахметқали Ахашұлы Нұрғожинге берілді. Ахметқали Ахашұлы да өз сөзінде Ата Заңымыздың аясында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін мемлекетімізде барлық мүмкіндіктер жасалып жатқандығына тоқталып, Конституция - әлеуеттік бірлік пен жетістіктерге жол ашатын алтын кілт деді ол. Сондай-ақ, ел Президенті Н.Назарбаевтың демократиялық бастамаларына арқау болған Конституция – мемлекетіміздің сенімді негізіне айналды дей отырып, Ахметқали Ахашұлы жиынға қатысушыларды мереке күнімен құттықтап, сәттіліктер тіледі.

Онан соң, аудан әкімі А.А.Нұрғожин биылғы жылы Чернобыль АЭС-да болған апаттың жойылғанына 30 жыл

толуына байланысты біздің ауданымыздың тумалары - апаттың зардабын жою жұмыстарына қатысқан 16 адамға «Чернобыль атом электростанциясы апатына – 30 жыл» мерейтойлық медальдарын табыс етті.

Келесі кезекте мереке құрметіне аудан спортының, экономикасының дамуына үлес қосқан спортшылар мен әр салада еңбек етіп жүрген азаматтарға аудан әкімінің



Құрмет грамоталарын, «Нұр Отан» партиясы қатарына қабылданғандарға - партиялық билеттерді, 16 жасқа толған жастарға - жеке бас куәліктерін, жаңадан отау тіккен жас жұбайларға - Неке куәліктерін, дүниеге келген сәбилерге Тууы туралы куәліктерді салтанатты түрде табыс ету рәсімі жүргізілді.

Семей ядролық полигонының жабылғанына 25 жыл толуына орай жарияланған «Ақ орамал» акциясының аясында сахна төріндегі жас келіндерге ақ жаулық байланды.

Онан соң, ҚР Конституциясы күні туған балалар сахнаға шақырылып, естелік сыйлықтар табыс етілді.

Салтанатты жиын соңы тамаша өңдер мен билерге ұласты.

Нұрзада Исабаева.
Сурет: Б.Базархановтікі.

★ РЕСПУБЛИКАДА

ЖАҢАЛЫҚТАР

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ ӘЛЕМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ АЯСЫНДА ШЕТЕЛДІК БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ СҰХБАТ БЕРДІ

Нұрсұлтан Назарбаев BBC, Euronews, CNBC Arabia, «Россия 24» телеарналары өкілдерімен әңгімелесу барысында Қазақстанның ядролық қаруды таратпау және қарусыздану саласында жұмсаған күш-жігеріне, сондай-ақ конференция кезінде ұсынған бастамаларына қатысты сауалдарға жауап берді.



Атап айтқанда, Елбасы Семей ядролық сынақ полигонының жабылу тарихы туралы әңгімелеп, ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізудің перспективаларына және осы саладағы сын-қатерлерді еңсеруге қатысты өз көзқарасын білдірді.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті ядролық қарудан азат аймақ құру жөніндегі өз тәжірибесін ортаға салып, алдағы қарашада өтетін Астана бейбітшілік саммиті мен Ядролық қарусыздану үшін берілетін сыйлықты тағайындау жөніндегі бастаманың жай-жапсары туралы айтып берді.

akorda.kz

■ ААСК хабарлайды

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кіретін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттілігін тоқтату және қызметтен босату қағидаларына сәйкес, Катонқарағай аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2016 жылғы 26 тамыздағы № 21 шешімімен:

1. Есімханов Қайрат Мұқтарқанұлы, 1966 жылы 29 тамызда туған, «Ақсу ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, тұрғылықты мекен-жайы: Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Ақсу ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 25 үй 1 пәтер тұрғыны **Ақсу ауылдық округі әкімі болып** тіркелді.

2. Доржанов Досжан Мұхаметқалиұлы, 05.07. 1986 жылы туған, «ВИП Катон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, тұрғылықты мекен-жайы Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Барлық ауылы, Қабанбай көшесі, 29/2 үй тұрғыны **Коробиха ауылдық округі әкімі болып** тіркелді.

М.Тлеубаев,
ААСК-нің төрағасы.
Т.Тлеудинова,
ААСК-нің хатшысы.



Конституция күніне арналған мерекелік шаралар 30 тамыз күні аудан орталығындағы орталық алаңда жалғасты.

Жиналған тұрғындар мен қонақтарды Үлкен Нарын ауылдық округінің әкімі Абайхан Ахметов құттықтады.

Мерекелік шара бағдарламасында бір көтеруден және арқан тартудан спорттық шаралар ұйымдастырылды.

Тұрғындар демалысы орталығының әртістері үлкен концерттік бағдарлама қойды. Жас үлкенарындықтар ҚР Мемлекеттік Туын ұстап, мотовеложарыс өткізді.

Сондай-ақ, орталық алаңда ауылшаруашылық өнімдерін саудалау бойынша жәрмеңке, қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. Үлкен Нарыннан Жаңылған Пішенова өз қолымен жасаған көрпелері мен кілемшелерін, Құрымбаева Зоя – тоқыма бұйымдарын, Вера Дягилева өз қолымен даярлаған әртүрлі қуыршақтарды ұсынды.

Неміс мәдени орталығының басшысы новохайрузовкалық Светлана Козуб көрмеге келушілерді тоқыма бұйымдарымен қуантты, кесте тігуден шебер-класс көрсетті.

Зырян қаласындағы Достық үйінің өкілдері – аудан қонақтары Ирина Самойлова мен оның қызы жәрмеңкеге текстиль мен пластиктен жасалған қуыршақтар әкелді.

Спорт сайыстары бойынша 80 кг салмақ дәрежесіне дейін бір көтеруден БЖСМ-нан Серік Сіләмов (1 орын), Қ.Дамитов мектебінен Ерік Нұғыманов (2 орын) және Дауыл Құзар (БЖСМ) 3 орынды иеленді. 80 кг салмақ дәрежесінен жоғары аудандық мәдениет үйінің қызметкері Руслан Қабанбаев 1 орынды, екінші және үшінші орындарды БЖСМ-нан Рауан Досанов пен Раджан Илиясов өзара бөлісті.

Арқан тартуда БЖСМ командасына тең келер ешкім болмады, ал екінші орынды денешынықтыру және сауықтандыру кешенінің (ФОК), үшінші орынды аудандық мәдениет үйінің командалары иеленді.

Жомарт Жақыпов.
Сурет автордікі.

■ Ресми бөлім

Аудандық Әкімдік Отырысы

Ағымдағы жылдың 29 тамызында аудан әкімі Ахметқали Нұрғожиннің төрағалық етуімен аудандық әкімдіктің кезекті отырысы өтті.

Оның жұмысы басталмас бұрын, аудан басшысы жиналғандарға Коробиха және Ақсу ауылдық округтерінің жаңадан тағайындалған әкімдері – Доржанов Досжан Мұхаметқалиұлы мен Есімханов Қайрат Мұқтарқанұлын таныстырды. Онан соң, аудан басшысы Жамбыл және Өрел ауылдық округтерінің әкімдеріне жаңа қызметтік көліктердің кіліттерін табыс етті.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша «Ауданда туберкулез сырқатының деңгейін төмендету бойынша қабылданған шаралар жайлы» аудандық орталық аурухананың бас дәрігері С.Байгереева баяндады. Ол 2016 жылдың жеті айында туберкулез ауруына шалдыққан 6 адамның

анықталғанын, немесе ол 100 мың тұрғынның 22,9 құрайтындығын атап өтті. 2015 жылдың осы кезеңінде 100 мың тұрғынның 14,4 құраған (4 адам). Қазіргі уақытта бұл жағдай 54 пайызға артқан. Сырқаттар арасында балалар мен жасөспірімдер және асқынған жағдайлар жоқ. Осы сырқаттың салдарынан қайтыс болғандар да жоқ.

Онан соң, АОО бас дәрігері балалар мен ересектер арасында туберкулездің алдын-алу шаралары жайлы айтып, бұл мәселелердің шешу жолдарына назар аударды.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселені талқылау барысында Ахметқали Ахашұлы Нұрғожин аталмыш сырқат түрінің артуына жол беруге болмайды деді. «Тәуекелдік топ» деп аталатындарға қатысты флюоробайқаудан өтуден бас тартушылар арасында барлық қызметтер бірлескен, мақсатты жұмыстар

жүргізулері тиіс деді ол.

Бұл тұрғыда тұрғындар арасында ақпараттандыру және түсінік жұмыстарын ауылдық округтер әкімдері жеткіліксіз жүргізеді деп ойлаймын. Флюоробайқаудан бас тартушыларды тексеруге АИБ қызметкерлері де жұмылдырылуы тиіс. Өйткені, бұл сырқатты дер кезінде анықтамау – тек сырқаттардың өздері үшін ғана емес, айналасындағыларға да қауіп төндіреді, деп атап өтті А.Нұрғожин.

Онан соң, аудан әкімі аудандық медицина қызметтерінің басшыларына, ауылдық округтер әкімдеріне және АИБ-ге туберкулездің алдын-алу, анықтау және емдеу бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Әкімдік отырысында «Мектептерді алдағы оқу жылына даярлау және мектеп оқушыларын оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз

ету» туралы және Катонқарағай ауданында болған іссапарының қортындысы бойынша берілген «Облыс әкімінің 2016 жылдың 12 шілдесіндегі №1/255 хаттамалық шешімінің орындалу барысы» туралы білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ғ.Көшенова және ТКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы С.Гаврилов ақпарат берді. Кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризмді дамыту бөлімінің басшысы М.Солтанов қосымша баяндама жасады. Аудан әкімінің тапсырмаларын, ұсыныстар мен ескертулерді ескере отырып, күн тәртібінде қаралған барлық мәселелер бойынша аудандық әкімдіктің қаулылары қабылданды.

Жомарт Жақыпов.

■ Мәңгілік ел

ҰСТАЗДАРДЫҢ ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

29 тамыз күні аудандық Мәдениет үйінде ұстаздардың дәстүрлі тамыз конференциясы өтті, оған аудан мектептерінен 280 делегат, білім беру саласының ардагерлері, ауылдық округтер әкімдері, аудандық қызметтердің басшылары қатысты.

«Театр киімлігінен басталады» дегендей, ұстаздар конференциясы өз делегаттарын және қонақтарын ауылшаруашылық өнімдері мен кәдесыйлар жәрмеңкесімен қарсы алды. Мұнда арзан бағамен бал, қымыз, әртүрлі кулинарлық тағамдар және тағы басқалар саудаланды. Мәдениет үйінің фойесінде «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. Сондай-ақ, «Шығармашылық және техника», «Табиғат және қиял» атты тақырыптық көрмелер ұйымдастырылды.

Ұстаздардың басты форумын ұйымдастырушылар бұл шараны нағыз мерекеге айналдыру үшін бар мүмкіндіктерін пайдаланған. Конференция басталмас бұрын сахнаға бүлдіршіндер шығып, би биледі, ал ересек балалар қазақ және орыс тілдерінде ұстаздарға арналған өлеңдер оқыды.

Мәдениет үйінің көрермендер залына жиналғандардың алдыңғы қатарына бүкіл өмірін педагогика саласына арнаған ардагерлер жайғасты. Олардың бірі – Топқайың орта мектебінің бұрынғы директоры Бердібек Захаиров сахнаға көтерілген, жоғарғы оқу орындарын бітіріп, туған аудандарына оралған 15 жас мұғалімдерге ізгі тілегін білдірді.

Білім беру саласының ардагерлері мен жас мамандарға оқушылар гүлшоқтарын табыс етті.

Конференцияның пленарлық бөлімінде баяндама жасаған аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ғалия Көшенова өткен оқу жылындағы ауданның білім беру саласының жұмысына қорытынды жасап, үздік педагогикалық ұжымдарды, ұстаздар мен оқушыларды атап өтті, жиналғандардың назарын жұмысты әлі де болса жақсартуды қажет ететін жағдайларға аударды. Ғ.Көшенова аудан мектептерінде «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудың маңыздылығына ерекше назар аударды, тәрбиелеуі қиын жасөспірімдер мен жетім және мүмкіндіктері шектеулі, аз қамтылған отбасыларының балаларымен жүргізілген жұмыстар жайлы, оқушылар үшін жазғы демалыс

қалай ұйымдастырылғаны жайлы айтып өтті. Баяндамада оқушылардың үлгеріміне, оқыту сапасына, мектеп мекемелерінің материалдық-техникалық жабдықталуына зор көңіл бөлінген.

«Құрметті әріптестер! Біздің елімізде және бүкіл елде болып жатқан маңызды оқиғалар мен жаңа уақыт ұстаздар қауымы алдына жаңа міндеттер қояды. Біздің міндетіміз – жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін сапалы, жаңа жағдайлар құру.

Сіздер үшін биылғы оқу жылы сәтті болуына шын жүректен тілектеспін! Өз істеріңізге берілгендіктеріңіз және жасөспірімдерге білім беру мен тәрбиелеу ісіне, ауданның білім беру саласының дамуына қосқан үлестеріңіз үшін ризашылығымды білдіремін. Тамыз конференциясына қатысушылар мен қонақтарға шығармашылық табыстар мен барлық бастамаларыңызға сәттіліктер тілеймін! – деді Ғалия Победақызы.

Үлкен Нарын ауылдық лицейінің директоры Лиза Раханова нәтижелі білім беруді жетілдіру сапасының негізгі бағыттары жайлы айтты.

Шығармашылық үйінің директоры Шынар Құрманова балаларға қосымша білім беру мақсатында «Мәңгілік ел» патриоттық тәрбие беру туралы өз пікірін білдірді.

Жас маман Бақытгүл Мәулетова қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім

қуаныштымын, – деді ол. – Бүгін біз өткенге қорытынды жасап, болашақты болжаймыз, мәселелерді шешу жолын талқылап, алдағы жылға атқаратын міндеттерді белгілейміз. Олар мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың стратегиялық бағытымен, ел дамуының мақсаттарымен үндес болуы тиіс.

Жаз айларында балалардың демалысын ұйымдастыру – біздің ортақ міндет. Өткен жазда демалыспен және сауықтандырумен аудан оқушылары 100 пайыз қамтылды.

Балалардың денсаулықтарын нығайту және дене шынықтыру тәрбиесі де маңызды міндеттердің бірі. Спортпен шұғылдану үшін балаларға барлық жағдайлар жасалуда. Ауданда барлығы 150 спорттық құрылғылар бар. Сондықтан, балаларды спорт үйірмелері мен секцияларға тарту жұмыстарын жалғастыру қажет. Орнатылған хоккей қораптары, спорт алаңдары, тренажерлар бос тұрмауы тиіс.

Ауданның білім беру саласы – қаржы көп жұмсалатын салалардың бірі. Қалыптасқан экономикалық жағдайға қарамастан, біздің мектептеріміз біртіндеп мультимедиялық құрал-жабдықтармен, профильдік кабинеттермен қамтамасыз етіліп, оқулықтар

қамтамасыз ету бойынша барлық шаралар қолданылуда. Қаржыландыру жоспарына сәйкес, 2016 жылы оқулықтар сатып алуға аудандық бюджеттен 14 млн. 241 мың теңге бөлінді.

Жас мамандарға да әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілуде. Біздің мектептерімізге келген жас ұстаздардың

барлығы жұмысқа қабылданды. Осыған қарамастан, жұмысшы кадрлардың жетіспеушілігі сезілуде. Сондықтан, аудан мектептерінде кәсіби бағдар беру бойынша үлкен жұмыстар жүргізу, оқушыларды техникалық мамандықтарды игеруге бағыттау қажет.

Білім беру жүйесінің әрбір басшысы, әрбір педагог қоғамдық пікірге үнемі құлақ асуы тиіс. Бұл әсіресе, қазіргі уақытта білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер болып жатқан кезде өте маңызды.

Біздің жұмысымыздың нәтижесі – тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы болатын жас ұрпаққа тәрбие беру. Біздің еліміз жоғары білімді, сапалы, тәрбиелі жастарды қалыптастырғанда ғана бәсекелестікке ие болады – бұл дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Сондай-ақ, сапалы білім алған ұрпақ қана зиялы ұлтты қалыптастырудың негізін қалайтындығы сөзсіз, – деді аудан әкімі.

Конференция соңында оған қатысушылар ұстаздарға арналған «Ұстазым» әнін орындады.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.



беру жүйесіне үштілділікті енгізудің пайдасы жайлы айтты.

Ата-аналар атынан Новохайрузов-ка орта мектебінің кітапханашысы Елена Гофман сөз сөйледі. Ол отбасы мен мектептің бала тұлғасын қалыптастырудағы өзара әрекеттестігі жайлы пікірін білдірді.

Тамыз конференциясына қатысушыларды аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин құттықтады.

Жаңа оқу жылы қарсаңында сіздерді көтеріңкі көңіл-күйде көргеніме

сатылып алынууда. Мысалы, ағымдағы жылы Қ.Дамитов атындағы орта мектепке – «Мәңгілік ел», Новохайрузов-ка орта мектебіне – лингафондық-мультимедиялық кабинеттер сатып алынды.

Ағымдағы жылы білім беру саласы нысандарында жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін республикалық бюджеттен 67 млн. 451 мың теңге, ал жергілікті бюджеттен – 7 млн. 494 мың теңге қаржы бөлінді.

Жергілікті бюджет қаржысы есебінен оқушыларды тегін оқулықтармен толық

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНЫЛҒАН ШЕШІМДЕРІ

1) «Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 сәуірдегі «Катонқарағай аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы» 22/164-V (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3345 нөмірмен тіркелген, 2014 жылғы 6 маусымдағы № 43, 2014 жылғы 11 маусымдағы № 44 «Арай» газетінде жарияланған) шешімі»;

2) Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы

17 сәуірдегі «Катонқарағай аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы» № 22/164-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 32/255-V (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4182 нөмірмен тіркелген, 2014 жылғы 06 қарашадағы № 84 «Арай» газетінде жарияланған) шешімі»;

3) Катонқарағай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 сәуірдегі «Жер учаскелері үшін жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы» 2004 жылғы 04 маусымдағы № 6/10 – III шешімге өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-13-57 нөмірмен тіркелген, 2009 жылғы мамырдағы № 56, «Арай» газетінде жарияланған) № 12/122-IV шешімі».

■ АКЦИЯ

Бейбіт болашақ нышаны

Конституция күні қарсаңында аудан орталығы Үлкен Нарында «Ақ орамал» республикалық акциясы аясында ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орайластырылған «Бейбітшілік үшін» атты аналар шеруі өтті.

Айта кетерлік жайт, біздің ауданымызда бұл акция кітапхана қызметкерлерінің оқырман – әйелдермен кездесуінен басталды. Онан соң, ақ орамалды гинеколог Г.Елеусізованың қолынан жергілікті аурухананың перзентханасынан шыққан жас анаға беру рәсімі ұйымдастырылды. Оған қоса, ұлдары әскер қатарында қызмет етіп жатқан аналармен кездесу ұйымдастырылды.

Ал 29 тамыз күні көптеген шаралар өткізілді. Ақ орамал байлаған аналар түрлі-түсті шарлар мен «Ақ орамал» деп жазылған плакат ұстап, аудандық әкімдіктен Мәдениет үйі ғимаратына дейін жүріп өтті. Сол жерде митинг ұйымдастырылды.

Мұнда Достық үйінің директоры Наталья Гостеева мен кітапханашы Гүлжан Короткова бұл акцияның ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Вашингтонда ядролық қауіпсіздік бойынша IV Саммите сөйлеген сөзінде «Бейбітшілік. XXI ғасыр» Манифестіне үн қосу акциясы деді. Ол Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен өткізілуде. Акцияның мақсаты – шыққан тегіне, әлеуметтік, діни белгілеріне қарамастан, еліміздің барлық азаматтарын бейбітшілік идеясы маңында топтастыру. Ақ орамал – қазақ халқының тарихында терең философиялық маңызға ие болған белгі. Ақ түс – тазалықтың белгісі. Ол – аналықтың символы, ана сүтінің түсі. Ол – адалдықтың, сөзге беріктіктің символы.

- Біз, Катонқарағай ауданының

әйелдері, Қазақстанның барлық әйелдеріндей, балаларымызды соғыс үшін емес, бейбітшілік үшін тәрбиелегіміз келеді. Бүгінгі күні әрбір әйелдің басында ақ жаулық, демек олар өз үлгілерімен барлығын ынтымақтастық пен бірлікке шақырады, - деді мерекелік шараның жүргізушілері.

Аудан әкімінің орынбасары Ділдар Қалиқанға құттықтау сөз берілді. Ол өз сөзінде әйелдің ақ орамалы атам за-



маннан жанжалдасқан жігіттерді тіпті, жауласқан жақтарды татуластыру үшін пайдаланылған деді. Жауласқан сарбаздардың арасына ана ақ жаулығын тастағанда, жігіттер жазылмаған заңға бағынып, қантөгісті тоқтатуға мәжбүр болған.

Жиналғандар алдында сөз сөйлеген, ұлы Отан қорғаушы мамандығын таңдаған Тамара Төлеуғазықызы Айдарбаева жиналғандарды ұлтаралық және дінаралық келісімге, достыққа және өзара түсіністікке шақырды. Онан соң, акцияға қатысушылар ақ жаулықтарын жас әйелдерге және қыздарға байлау рәсімін өткізді.

Акция соңында «Ақ орамал» деген сөздер жазылған шарларға бекітілген плакат Үлкен Нарын ауылының аспанында қалықтады.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.

25 тамыз күні аудандық Достық Үйі Елбасы манифестін қолдау және «Ақ орамал» акциясы аясында перзентханадан шыққан нәрестелі анаға ақ орамал сыйлау шарасын ұйымдастырды.

Жас ана Шынарай Айдабуллинаның

дүниеге келуге көмектесіп, әріптестері арасында «көпбалалы ана» атанған Гүлнар Елеусізова және аурухананың бас медбикесі Гүләйым Садықова құттықтап, Айдабуллиндер отбасына денсаулық, бақыт тіледі.



қуанышына ортақтасып, отбасындағы үшінші бала – Айару атты қызды дүниеге әкелумен құттықтап, аталмыш шараға орталық аудандық аурухананың медициналық қызметкерлері қатысты.

Достық Үйінің директоры Наталья Гостеева шара қонақтарына «Ақ орамал» акциясының мақсатын түсіндірді.

-Бұл акция қазақстандықтардың этностық шығу тегіне, әлеуметтік, діни немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, бейбітшілік идеясы аясына шоғырландыруды көздейді, - деді ол.

Орталық аудандық аурухананың бас дәрігері Сәуле Байгереева үшінші рет ана атанып отырған, сонымен қатар ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген белсенді кәсіпкер Шынарай Айдабуллинаны құттықтап, жас ұрпаққа лайықты тәрбие беруін тіледі, өйткені әлемдегі бейбітшіліктің тұрақтылығы аналардың қолында, олардың балаларына дұрыс тәрбие беруінде екенін атап өтті.

Онан соң, жас ананы аурухананың гинеколог-дәрігері, жүздеген нәрестеге

Гүлнар Қайыпқожақызы ананың басына ақ орамал байлады, ал Гүләйым Сейтешқызы аурухана ұжымы атынан нәрестеге сыйлық табыс етті.

-Орамал әрбір әйел заты үшін маңызы терең, жақсы сыйлық. Мен барлық әйел қауымына бала сүю бақытына кенеліп, бастарына ақ орамал тағуды тілеймін, - деді Шынарай. -Болашақта сәбиімнің еліміздің белді азаматы болғанын қалаймын. Сол үшін қызымның тәрбиесіне барымды саламын. Бейбіт, тату елде өмір сүре берейік.

Ары қарай қазақтың салт-дәстүрі бойынша ауыл ақсақалы жас сәбиге өз батасын беріп, шашу шашылды.

25-жылдығы қарсаңында өтіп жатқан «Ақ орамал» акциясы кең көлемді шараға айналып, ата-бабаларымыздың татулық пен бірлікте өмір сүру дәстүрлерін жалғастырып, өскелең ұрпаққа жақсы үлгі болуда.

Жанар Қасымханова.
Сурет автордікі.

Естімеген елде көп

Бұл жер мен ел тарихына жасалған қиянат


Жер-су атауларын дәл тауып қоюда көп халықтың ішінде қазаққа жетер ұлт кем де кем. Өмірбойы ең далада еркін өсіп, табиғатпен біте қайнасқан ата-бабаларымыз өздері мекендеген жер жағдайын, ондағы табиғаттың өзгешелігін жетік білген, соған орай атауларды да тап басып, таңдап қойған.

Мәселен, Катонқарағай өңіріндегі Тасшоқы, Салқыншоқы, Сарыалқа, Бүркітұясы, Үшкүнгөй, Терісбұлақ, Қыз суреті, Таутекелі, Қаражер, Өгіз сыймас, Аша тағы басқа көптеген жер атауларын, Бұқтырма, Аққаба, Ақбұлақ, Күркіреме, Күлмес атты өзендер мен Қара көл, Марал көліне басқаша ат тауып қою, мүмкін де емес. Сондай-ақ, халқымыздың сүйіспеншілігіне бөленген тұлғалардың есімдерімен аталып кеткен Мәметек, Байырман, Бөгенбай асуы, Толыбай, Самар бұлағы тағы басқа жер атаулары біздің төл тарихымыз. Оны білген саналы аға ұрпақ, сол атауларды сан ғасырдан бері қызғыштай қорғап, бүгінге жеткізіп отыр. Өкінішке орай, қазір жергілікті халықтың сол тарихи құндылықтарын аяққа басып, не ауылдардағы адамдармен, не құзырлы орындармен келіспей, жер-су аттарын өздерінше қойып, «өзім білеммен» жүргендер бой көрсетіп жүр. Тұрғылықты халықтың намысына тиіп жүргендердің кейбіреулері, керек десеңіз, бұл жақты бұрын өңі тұрмақ түсінде де көрмегендер немесе, «қысыр сөзді қызыл тілмен сапыратын тұрғындар». Олар өздерімен жақын жүрген жер-су атауларын онша біле бермейтін, немесе ел мен жер тарихына немқұрайлы қарайтын жастарды алға тартып, жоғарыдағыдай әрекетке барып, өз ойларын іске асырып жүр. Өткен жылы осындағы бір «жергілікті археолог» «бала кезімізде Катонқарағайдың маңынан Шыңғысханның қанжарын тапқанбыз» деп, газетке сұхбат беріп, орысша айтқанда, әріптестеріміздің «құлағына лапша іліп» еді. Енді тағы бір «тарихшылар» шықты.

Жақында Катонқарағай ауылының бір топ тұрғындары мені ортаға алып, жоғарыда аталған жағдайларға неге жол беріледі деген сұрақты төтесінен қойды. Олардың бұлшай ашу шақыруына Катонқарағай МҰТТ-не В. Воробьев, Н.Блох, А. Кобзев, А. Ди-заин, Е. Букваревалардың авторлығымен Еуропалық Одақ және Глобалды экологиялық қордың шағын Гранттар Бағдарламасының қаржылық көмегімен басып шығарылған Сарымсақты туристік-экскурсиялық бүктеме-кітапша (буклет) себеп болыпты. Шынында да, ондағы жер-су атаулары тұрғылықты халықты ашуландырады екен. Оның авторлары неге екені белгісіз, жер-сулардың тарихи атауларына үңілмей, өз ойларынан шығарып, орысша атаулар қойып, жол картасына таңбалап жіберген. Яғни, Тоқтағұлдың құламысы - Пиала, Үйректі көл - Турпанье, Қызылқұмның дарасы - Кызыл-коп, Тоқтағұлдың көлдері - Мараленок, Верхнее болып шыға келген. Бұл жер әлімсақтан бері қазақтың жері екендігі естеріне түскен болу керек, авторлар, әйтеуір бір, көлге ғана Қарлығаш атауын жапсырыпты. Картада бағыт бойындағы Бітімбай бұлағы, Самар қорасы немесе Самар бұлағы, Сарыалқа, Ақбұлақ, Жалпақ жұрт, Үш тас дейтін тарихи атаулар атымен жоқ. Олардың барлығының орнында бір ғана «Стойбище» деген жазу тұр.

Бүктеме-кітапша авторларының бірі - Катонқарағай МҰТТ туризм бөлімінің меңгерушісі А. Кобзевпен бұл атауларды қайдан алғандығы жөнінде тілдескенімізде, жіберген қателіктерін бірден мойындады. Және де сөз арасында Алтай филиалындағы мамандармен бұл атауларды қоюға келіскенбіз дей

келе, осы шығарылымға негізгі жауапты адам деп Н. Блохтың есімін атады. Н. Блохтың да бізге телефон арқылы қайтарған жауабы осы болды және де ол кездесуден де қашқақтады. Н. Блох Катонқарағайдың тумасы да, тұрғыны



да емес. Оншақты жылдан бері кәсібінің нәсібін тауып, шағын грант бойынша осы өңірде жұмыс істеп жүрген адам.

Кеуделерінде намыс оты бар елжанды азаматтардың ашу-ызаларын туғызған бұл мәселе Катонқарағай ауылдық округі жанындағы ардагерлер кеңесінің 24-тамыздағы кезектен тыс мәжілісінде қаралды. Оның жұмысына қатысқан кеңес мүшелері Қабылбек Бөленханов, Қадыр Нұрқанов, Марат Панинов, Тұрсын Алипина, Төлен Мерғазин, әйелдер кеңесінің төрайымы Гаухар Можанова бүктеме-кітапшаның авторларының бұл әрекеттерін шектен шыққандық деп біліп оларды әкімшілік жазаға тарту, бүктеме-кітапшаны қазақша атаулармен қайтадан бастырып шығарту жөнінде Катонқарағай МҰТТ-нің директоры Ерлан Мұстафинге ресми хат жазуды бірауыздан шешті. Сонымен бірге осы хатта жер-су атауларын өз беттерімен

өзгерткені үшін тұрғылықты халықтан газет арқылы жазбаша кешірім сұрау да талап етілетін болды.

Өз тарихында мұндай қиянатқа көп төзген халқымыз әлі күнге дейін, әлімсақтан бері ата-бабалары тұрып келе жатқан жерлерін кірмелер күшпен қойған атаулардан арылта алмай жүр. Соның бірі - «Рахмановские ключи» шипажайы. Біз білетін аңызда: «Ертеде Рахманов деген аңшы аң аулап жүріп, бір маралды жаралайды. Қашқан тағы жануарды ізімен қуып барған ол ертеңінде ақсақ аяғын суға салып, жазып алған маралды көріпті-мыс». Содан бастап, шипалы суды тапқан сол аңшының құрметіне, арасан «Рахмановские ключи» атаныпты. Сонда қалай, бұл араны кірмелер келгенге дейін бірнеше ғасыр

мекендеген халық сол судың шипалық қасиетін көрмей, білмей, ай қарап, жұлдыз санап жүрген бе? Ел, жер тарихына жетік жазушы жерлесіміз Қалихан Ысқақовтың еңбектерінде «Рахмановские ключидің» тарихи атауы «Тәңір суы» делінген. Кеңес үкіметі кезіндегі «байтал түгіл бас қайғы» заманда ешкім «Рахмановские ключи» не?,- деп айта алған жоқ. Ал енді, барлығы кеш. Құжаттардың барлығы «Рахмановские ключи» болып рәсімделіп кеткен, онымен бірге шипажай да ауданның иелігінде емес. Бүгінде елде біреулер енгізіп жатқан атауларға сергек қарап, уақытында «өзім білем» деушілерге тойтарыс бермесек, қалған жеріміздің де «Тәңір суының» кебін киетіні сөзсіз.

Жәнібек Қызыр,
Қазақстан Журналистері одағының мүшесі, Катонқарағай ауданының Құрметті азаматы.

ТАМЫЗ – ҚАҰЫРЫМДЫЛЫҚ АҰЫ



1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында ауданда өтетін «Мектепке жол» республикалық акциясы бастау алды.

26 тамыз күні аудандық Мәдениет үйінде «Бақытты балалық шақ» тақырыбында аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің, Қ.Дамитов, В.И.Ленин атындағы орта мектептердің және ауылдық лицей ұжымдарының ұйымдастыруымен қайырымдылық акциясы өтті.

Жалпы, «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы биыл тоғызыншы рет ұйымдастырылып отыр. Акцияның мақсаты – табысы аз, көпбалалы отбасылардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды оқу жылы қарсаңында мектепке қажетті киім-кешек, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету. Акция бастау алған жылдардан бері республика көлемінде 2 миллионнан астам балаға көмек көрсетілген.

Ал, биыл біздің ауданымыздағы 43 мектеп бойынша 711 оқушыға жалпы сомасы 2,3 млн. теңгеге таяу мөлшерде демеушілік көмек көрсетілді, оның ішінде 1.1 млн. теңге жалпыға бірдей білім беру қорынан, 1.2 млн. теңге – демеушілер қаржысы есебінен. Алай-

да, қыркүйек айының соңына дейін көмекке зәру отбасылардан әлі де болса өтініштер қабылданады. Өйткені, қазіргі уақытта, барлығы қымбаттап жатқан заманда, баланы мектепке даярлау оңай шаруа емес. Бұл, әсіресе, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға ауыр тиеді.

Бұл әлеуметтік бастама ел Тәуелсіздігінің 25-жылдығына орай ұйымдастырылып отыр.

Айта кетерлік жайт, «Мектепке жол» акциясы аясында балаларды мектепке қажетті құрал-жабдықтармен қамтаамсыз ету мақсатында әрбір мектепте қалам-қарындаш, дәптер және т.б. құралдарды жинау орында-

ры ұйымдастырылған.

Демеушілер үшін тамыз – қайырымдылық айына айналған. Өйткені, олар жаңа оқу жылы қарсаңында әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға көмек көрсетуге тырысады. Кішіге қамқор болу, қайырымдылық, мейірімділік көрсету, рақымшыл болу – қашан да қазақ халқына тән асыл қасиет. Осы әдет-ғұрыпты қағида еткен мейірімді жандар жаңа оқу жылы қарсаңында аталмыш отбасылардың балаларына риясыз көңілмен көмек көрсетті. Олардың қатарында аудандық Әділет басқармасының ұжымы (басшысы Қ.Нұрқанов), жеке кәсіпкер Дамир Жасанов, мемлекеттік кірістер басқармасы ұжымы (басшысы А.Толықбаев), Катонқарағай аудандық жастар ресурстық орталығының ұжымы, жеке сот орын-

даушы Серік Қуанышбаев, жеке кәсіпкерлер З.Айгербаева, О.Зотова, А.Дюсупова, БЖЗҚ аудандық филиалының басшысы А.Сыздықова және басқалар болды.

Биылғы оқу жылы қарсаңында демеушілер қаржысы есебінен Қ.Дамитов атындағы орта мектептің 15 оқушысына, В.И. Ленин атындағы мектептің 5 оқушысына көмек көрсетілді, ал Үлкен Нарын ауылдық лицейінің 5 оқушысына жалпыға бірдей білім беру қорынан қолдау көрсетілді.

«Мектепке жол» акциясының жұмысына аудан әкімінің орынбасары Ділдар Қалиқан қатысып, аудан әкімі атынан демеушілерге ризашылығын білдірді. Балалар мен ұстаздарға жаңа оқу жылында сәттіліктер тіледі.



Нұрзада Исабаева.
Сурет: Б.Базарханұлынікі.

БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Жаңа оқу жылы басталып, ауданымыздың жүздеген баласы жаны жомарт адамдардың демеушілік көмегі арқасында, қатарластарынан қалмай, мектепке білім алуға аттанды. Демеушілердің көбі, ал бұл – жеке кәсіпкерлер, көмекке мұқтаж отбасыларға қол үшін беруге дайын қайырымды жандар «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясының белсенді қатысушылары болып, оларға бұл игі дәстүрге айналды. Осы тұрғыда жыл сайын ұйымдастырылатын қайырымдылық акциясының маңыздылығы зор екені белгілі.

Жылда, жаңа оқу жылы қарсаңында ұйымдастырылатын аталмыш акциясынан тыс қалмайтын аудан орталығындағы «Бәйтерек» дүкенінің иелері Гаухар Ағажәева, Анар Ережепова, Дамир Жасанов бұл жолы да қарап қалған жоқ. Олар аз қамтылған отбасынан шыққан сегіз бүлдіршінге оқуға қажетті құрал-жабдықтарды және киім-кешек сыйлады. Үлкен Нарын ауылдық округінің мамандары әрбір отбасының үйлеріне барып, балаларға ағалары мен апайлары берген сыйлықтарды табыс етті. Бүлдіршіндер жаңа киімдер мен іші толған дәптер, түрлі-түсті қарындаштар мен бояулар, қаламсаптар толған сәнді сөмкелеріне қуанып, сабақтарын жақсы оқып, Қазақстан елінің лайықты азаматы болуына ант берді.

Балалардың ата-аналары көмек қолын созған кәсіпкерлерге, жергілікті билікке қолдау көрсеткендері үшін ризашылықтарын білдіріп, отбасыларына бақыт, жұмыстарында табыс тіледі.

«Бар жақсылық балаларға!» дегендей, балалар үшін бар жақсылығын аямайтын жандар көптеп табылады деп сенеміз.

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы әлі де жалғасуда. Сондықтан, көмекке зәру балалардың тағдырына бей-жай қарамайтын, жаны жомарт аудан тұрғындары аталмыш акцияға қатысып, балаларға қуаныш сыйлауға мүмкіндіктері бар.

Жанар Қасымханова.

■ Электрондық үкімет

ҮЙДЕН ШЫҚПАЙ-АҚ, РЕСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ!

Қазіргі уақытта бала тууына байланысты және 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша берілетін жәрдемқаржыны «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы үйде отырып-ақ ресімдеуге болады. Бала дүниеге келген алғашқы айларда жас ананың үйден кез-келген уақытта шыға алмайтыны белгілі, сондықтан, бұл қызметті Ғаламтор (Интернет) болса, ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) арқылы үйден шықпай-ақ ресімдеуге болады. ЭЦҚ-ны тұрғындарға қызмет көрсету орталығынан алуға болады. Жоғарыдағы қызмет түрін пайдаланғыңыз келсе, құжаттар жинау үшін ешқандай мемлекеттік органдарға барудың, материалдық шығын шығарудың қажеті жоқ.

«Электрондық үкімет» Веб-порталына www.egov.kz (ПЭП) жүгінгенде және қажетті қызмет түрін таңдағанда, сіздің сұратуыңыз мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде автоматты түрде орындалады, осы мәліметтер бойынша жәрдемқаржы тағайындалатын болады. Өтініш берушіге тек «Электрондық үкімет» порталында (ПЭП) өтініш толтырса болғаны.

Бұл жағдайда өтініш беруші өтініштің өңделу мәртебесін алу арқылы өзбетімен қадағалай алады. Әсіресе, бұл қызмет ауыл тұрғындары үшін өте тиімді.

Үйде ғаламтор болмаған жағдайда, тұрғындарға қызмет көрсету орталығынан баланың Тууы туралы куәлігін алған кезде, электрондық-цифрлық қолтаңба алып, сол жерде өзбетімен қызмет алу секторы (сектор самообслуживания) арқылы электрондық өтініш беруге болады. Мұны жүзеге асыру үшін тұрғындарға қызмет көрсету орталығының мамандары ПЭП арқылы бала тууына және 1 жасқа дейін бала күтіміне берілетін төлемдерді ресімдеуге көмек көрсетеді.

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»
КЕ АҚ баспасөз қызметі.**



«Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз».

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қағидасын басшылыққа алу - басты парызымыз. Елімізде сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту шараларына орай, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданған. Бұл заңдар қабылданғаннан бергі уақытта елімізде

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

«жемқорлық» атты әлеуметтік үлкен мәселенің алдын-алу мақсатында істелінген іс-шаралар Қазақстан Республикасының дамуына зор үлес қосуда.

Көктерек орта мектебінде де сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті нығайту мақсатында заңдар жинақтары, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты» атты тақырыптарда мектеп дәлізінде стенділер, сенім жөшігі, сенім телефонның қызметі, кітапханада оқырмандарға арналған бұрыш ұйымдастырылған. Мектебімізге жұмысқа қабылдау, қызметтік міндетін ауыстыру мәселелерді арнайы бұйрықпен бекітілген комиссия құрамы шешеді. Оқушыларға құқықтық

тәрбие беру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты тақырыпта эссе, шығарма, суреттер көрмесі, сайыстар ұйымдастырылып отырады.

Заң аясында өз құқығын қорғауға және заңға қайшы әрекеттерге жол бермеу - әрбір азаматтың міндеті. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп, қара қылды қақ жарып, тұрасын айтып, әділдікке жүгінген қазақ халқы тәуелсіз ел болып, еңсесі биік 50 мемлекеттің қатарына жетуді мақсат етіп отырған шақта, әділдік пен парасаттылықтың биігінен көріну - әрбір Қазақстан азаматының парызы, борышы деп білу керек.

Жанар Имашева,
Көктерек орта мектебінің
мұғалімі.

СЫБАЙЛАС-ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕГЕН НЕ, ОНЫМЕН КҮРЕС ҚАҒИДАЛАРЫ

Оқырмандарымызды заңгер етуді мақсат етпей, дегенмен толық түсіну үшін қарапайым құқық бұзушылық пен сыбайлас-жемқорлық қылмыстың айырмашылығын түсіндірген пайдалы деп есептейміз. Оның үстіне кез-келген кәсіпкерде штаттық заңгер ұстауға және қорғаушының қызмет көрсетуін төлеуге мүмкіншілігі бар. Сыбайлас-жемқорлық кінәсі тағылған шенеулікке қарсы іс-әрекет жасауы мүмкін, сондықтан өз заңдылығын мойындату үшін заң жағынан нық болған дұрыс.

1. Қылмыс—бұл ең алдымен қоғамдық қауіпті әрекет. Қоғамдық қауіп-- сыбайлас-жемқорлық қылмысының ажырамас, қажетті белгісі, оның материалды нышаны, ол әлеуметтік маңызын ашады. Бұл ҚР ҚК 9 бабы 2 бөлшегінде ерекше көрсетіледі. ҚР ҚК ерекше бөлшегімен қарастырылған кез-келген әрекет формалды түрде іс-әрекет немесе әрекетсіздік сақтаса да қылмыс болып табылмайды, егер мағнасы аз болғандығынан зиян келтірмесе және жеке тұлғаға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қаупін құрмаса.

2. Қылмыс—қылмыстық заңсыз іс-әрекет. Қоғамдық қауіпті іс-әрекет қылмыс болып табылмайды, егер ол жасалған уақытында қылмыстық заңмен қарастырылған болмаса. Құқыққа қарсылық қоғамдық қауіптің заңды белгісі. Ол қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасаған адамның қылмыстық-құқықтық нормасы бар тыйымды бұзғанын көрсетеді. Сыбайлас-жемқорлық қылмыс қылмыстық заңды бұзып, көбінесе сол мезетте құқықтың басқа салаларының заңнамалық нормаларын бұзады. Мы-

салы, лауазымды адамдар лауазымдық құзыреттерімен заңсыз пайдаланып азаматтардың меншікті мүлкімен пайдалану, иелену, билік жүргізу құқығын бекітетін монополияға қарсы заңнаманы, лицензиялау туралы заңды, азаматтық-құқықтық нормаларды бұзады. Мұндайда құқықтың басқа салаларының нормаларын бұзу, одан қалды мораль нормаларын бұзу қоғамдық қауіпті іс-әрекетті қылмыстық деп мойындауға жеткілікті. Міндетті түрде бұл іс-әрекет қылмыстық-заңсыз болып табылғаны керек, яғни қылмыстық заңмен қарастырылуы қажет.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамалық қоғамдық қауіп және қоғамдық заңсыздық, қылмыс түсініктемесінде қалыптасып, ажырамасыз. Тек қана осы екі белгінің болуы қылмыс деп белгілейді.

3. Соған қарамастан маңызды белгілерден басқа-- қоғамдық қауіп және қоғамдық заңсыздық-- қылмыстық заңнама қылмыстық жауапкершілік пен жазалауды егер адам қылмысты жасаса ғана қарастырады, яғни ол оны әдейі немесе байқамай жасаған болса.

Орыс тілінде “жауапкершілік” “өз іс-әрекетіне және ісіне жауап беру міндеті, қажеттілік, яғни өзіне мүмкін болатын салдарын қабылдау” деп түсіндіріледі.

Қылмыстық жауапкершілік, демек-- адамды жасаған қылмысы үшін соттау, мемлекет атынан кінәлау үкімінде келтіру, тіпті бұл адам заң қарастырған негіздер бойынша қылмыстық жазалаудан босатылса да.

(Жалғасы бар)

АЗАМАТТАРҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ТУҒЫЗУДА

Экономикалық жағынан қарыштап дамып, әлемнің көшбасшы еліне айналу көптеген елдердің стратегиялық мақсаты болып табылады. Сондықтан да әлем елдері арасында ұзақ мерзімге стратегия жасау үрдісі кең таралуда. Қазақстан да әлемдік ағымнан қалыспай келеді. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы стратегиялық құжаты «Қазақстан - 2030» Стратегиясында әлемдегі дамыған 50 ел қатарынан орын алу мақсаты алға қойылғаны белгілі.

Әлемдегі елдердің бәсекеге қабілеттілігін көрсететін бірден-бір беделді рейтинг - жыл сайын Давос-та өтетін Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі. Онда әлемдегі мемлекеттердің экономикалық дамуына тәуелсіз баға беретін болғандықтан, оған қатысу аса маңызды болып табылады.

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің әмбебап екенін көрсететін тағы бір дәлел - онда тек экономикалық көрсеткіштер ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік сфера, елдегі мемлекеттік басқару институттарының даму деңгейіне баға берілуінде.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 30-қарашада халыққа жолдаған Жолдауында қазіргі әлем жоғарғы қарқынмен өзгеріп келе жатқаны, жаңа қатерлері мен тиімді мүмкіндіктері қатар өрбіген жаһандық ахуал өзгерісі жайында айтылған болатын. Елбасының көреген саясатының арқасында бұл қатерлерді Қазақстан бірнеше жыл бұрын байқады десек, артық болмас. Әлем экономикасының өзгеру динамикасы және Қазақстанның мүмкіндіктерін ескере отырып, ҚР Президенті елдің стратегиясын қайта қарау керектігін айта келіп, әлемдегі алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына кіру мақсатын алға қойған болатын. Қазір Қазақстан осы мақсатты орындауға арналған тұжырымдаманы әлемдегі алдыңғы қатарлы елдер тәжірибесін ескере отырып, іске асыруда.

Қазақстанның айтарлықтай жақсы нәтиже көрсетіп келе жатқан факторларының бірі - елімізде бизнестің дамуына қолдау көрсету бағытында «Бизнестің жол картасы - 2020», «Жұмыспен қамтудың жол картасы - 2020» сияқты бағдарламалар іске асырылып келеді.

Елдегі кәсіпкерліктің бәсекелестік қабілетін арттыру бағытындағы ауқымды шаралардың бірі - Бизнес климатты оңтайландыру бойынша бірқатар Заңдарға өзгерістер енгізілді.

Атап айтқанда, әділет министрлігі тарапынан жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласына электронды тіркеу енгізіліп, енді мемлекеттік тіркеу мерзімі 5 күннен 1 күнге дейін қысқартылды. Электронды тіркеудің жеке және заңды тұлғалар үшін ең басты артықшылығы - уақыт пен материалдық шығынның азаюы. Енді нотариустар келісім жасалғаннан кейін азаматтар құжаттарын ХҚКО-ға тапсырып, әділет органдарының шешімін күтпейді. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеудің электронды түрі рәсімдеу шараларын түбегейлі жеңілдетіп, кедергілерді жойып, азаматтарға қолайлы жағдайлар туғызуда. Қазіргі таңда осы жеделдетілген мемлекеттік қызмет түрін қолданушылар саны күннен-күнге өсуде.

Сонымен қатар, 2016 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасы «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заңына өзгерістер енгізіліп, ХҚКО -ы арқылы мемлекеттік тіркеу мерзімі 5 жұмыс күнінен 3 жұмыс күніне қысқартылды.

Сондай-ақ, шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаларды тіркеуіне тиісті заңнамаларда өте көп жеңілдіктер қарастырылған. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңына 6-1 бабы енгізілген болатын.

Осы бапқа сәйкес, шағын кәсіпкерлік

субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асырылуы басталғаны туралы хабарлама береді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу «электрондық үкімет» веб-порталында толтырылатын электрондық хабарлама беру арқылы жүзеге асады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғылары (ережелері) мемлекеттік тіркеу процесінде ұсынылмайды.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы беру кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны жөнінде хабарламаны қабылдау туралы растау болып табылады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы беру кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Демек, бүгінгі таңда кәсіпкер «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы хабарлама беріп, оған тек қана бюджетке тиісті бажды төлегендігін растайтын құжат тіркеп, бір күн ішінде мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы алып, өз қызметін бастай алады.

Сонымен қатар әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіне жасаған талдау елдің бәсекелестік қабілетінің тұрақтылығын сақтайтын факторлардың бастысы - елдегі институттық тетіктер екенін көрсетеді. Осыны ескере отырып, қазір біздің елімізде де оңтайлы мемлекеттік басқару аппаратын қалыптастыру бағытында көптеген шаралар атқарылып келеді. Осыған байланысты елде «Бес институттық реформа» іске асырылып келе жатқаны белгілі. Бұл реформалардың тиімді орындалуы үшін ҚР Президенті 2015 жылы мамыр айында «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жарияды. Бұл 100 нақты, әрі іс жүзінде шешілетін 100 шешім деген сөз.

Бес институттық реформа жаһандық жаңа ахуал жағдайында елдің бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастырып, ары қарай жетілдіруге маңызы зор екенін ескере отырып, 100 нақты қадамда әр саланың институттық тетіктерінің дамуына ерекше назар аударылған. Нақтырақ айтсақ, 15 қадам мемлекеттік аппараттың кәсіби біліктілігін арттыруға арналса, 50 қадам жоғары технологиялы жаңа экономикалық өсімді және адамзат капиталының дамуын ынталандыруға, қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған нақты шешімдерге арналған.

Сондай-ақ, «Ашық Үкімет» жұмысының механизмдерін жетілдіруге 10-шы қадамдағы қоғамдық бақылауды күшейту, азаматтардың шешім қабылдауға қатысуы, мемлекеттік ұйымдардың есеп беруін жетілдіру қағидаларына негізделген шаралар арналған.

Жоспарланған шараларды нәтижелі іске асыру экономиканың өнімділігін арттырып, әлем нарығындағы тұрақты бәсекелестік қабілетті қалыптастыруға мүмкіндік бермек.

Қорыта келгенде, қазіргі таңда Қазақстан инвестиция тартуға, халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасап келе жатқан, әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан елдер қатарында екенін Дүниежүзілік экономикалық форумның тәуелсіз бағасы көрсетіп отыр.

Демек, Елбасы жариялаған «Бес институттық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам Ұлт жоспарында» қарастырылған шараларды тиімді жүзеге асыру Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру әлеуетін нығайта түсуге тікелей ықпал етеді деуге болады.

**А. Амангельдинов,
Катонқарағай аудандық әділет
басқармасының бас маманы.**

МҮЛІК ПЕН КАПИТАЛДЫ ЖАРИЯ ЕТУ – ТИІМДІ, ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ ЗАҢМЕН КЕПІЛДЕНГЕН!

Соңғы екі жылда республикамыздың көптеген халқы күнделікті өмірде мүлік пен капиталды заңдастыруға шақыратын билбордтарды, оларды жария ету жөнінде LED экрандардан хабарландырулар мен роликтер, бағдарламалар, телесюжеттер, сұхбаттар көреді, бұқаралық ақпарат құралдарында, ақпараттық ресурстарда және басқа да құлақтандыру көздерінен жария етудің тәртібі, мерзімдері, ерекшеліктері туралы мақалалар, материалдар оқиды.

Мүлік пен капиталды жария етуге соншалықты маңызды екілі, мемлекетіміздің Елбасы жалпыға бірдей декларацияны енгізу алдында капиталға рақымшылық жасауды тапсырғанымен байланысты, және 30.06.2014ж. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша» №213-Ү Заңына (ары қарай - Заң) қол қойды. Сонымен қатар, 2015жылдың 13 қарашасында аталған Заңға жария етуді іске асыру жолында жаңа тәсілдер анықталған өзгерістер және толықтырулар енгізілді.

Жалпы, жария ету туралы сұрақ қозғалғанда, «Жария ету деген не?», «Не үшін қажет?», «Қандай жеке құндылықтар жария ету жолымен заңдастыруға жатады?» деген және басқа да сұрақтар туындайтыны шүбәсіз.

Заңның нормаларына сәйкес, мүлікті жария ету дегеніміз - табыстарды жасыру мақсатында заңды экономикалық айналымнан шығарылған және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген не тиісті емес тұлғаға ресімделген мүлікке құқықтарды мемлекеттің тану рәсімі.

Яғни, бұрын, салық салудан бас тартқан, жасырын, «көлеңкеде» болған және пайда болу заңдылығын түсіндіре алмайтын мүлік пен капиталды осы Жарна аясында заңды түрде жария етуге болады.

Мысалға, сізде қымбат тұратын жылжымайтын мүлік бар делік, ал ресми түрдегі табысыңыз бұндай даңғазалыққа ие болуға мүмкіндік бермейді.

Немесе, «оңаша орында» тығылған қомақты ақша сомасы бар, шарттап айтқанда, қосымша жұмыс істеген, қызмет көрсеткені, қаламақы үшін алынған.

Міне, осындай жағдайда кідірмей жария ету Жарнасын пайдалану қажет.

Аталған Жарнаға ҚР азаматтары, оралмандар және ҚР тұруға ықтиярхаты бар адамдар Қазақстан Республикасында және одан тыс орналасқан ақшаны, бағалы қағаздарды, заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы үлесін, жария ету субъектісіне немесе басқа тұлғаға ресімделген жылжымайтын мүлікті жария ету мақсатымен қатыса алады.

Сонымен қатар, сот тәртібімен құқықтар дауаланып жатқан мүлік, кредиттер ретінде алынған ақша, мемлекет пайдасына берілуге жататын мүлік, бюджет қаражаты есебінен аяқталған жылжымайтын мүлік объектілері, қылмыс және жемқорлық жолдарымен алынған мүлік жария етуге жатпайтындығына назарларыңызды аударамыз.

Дегенмен, шешім қабылдауды ұзаққа созбау керек, өйткені осы Жарнаның аяқталуына 5 айға жуық (а.ж. 31 желтоқсанына дейін) уақыт қалды, сондықтан мемлекетпен берілген бірегей мүмкіншілікті тиімді пайдалануды ұмытпаған жөн.

Оған қоса, мүлік пен ақшаны жария ету Заңының нормалары жария ету субъектілерінің пайдасына айтарлықтай маңызды өзгертілген.

Осылайша, жария ету субъектісіне немесе тиісті емес тұлғаға ресімделген Қазақстан аумағындағы мүлікті жариялау үшін мемлекеттік кірістер органына сәйкес құжаттармен қоса арнайы декларация табыс ету жеткілікті. Іспеттес тәсілмен шет елдегі мүлікті заңдастыруға болады, бірақ мүліктің көрсетілген құнынан 10%-дық алымның төленуімен. Осы жерде назар аударайын, жылжымайтын мүліктің бағалау құны жария ету субъектісінің өзімен анықталады (құны туралы ресми растайтын құжатсыз), тіпті сатып алу келісім шартында басқа, жоғары құн көрсетілсе де, қайта тексеруге жатпайды.

Сондай-ақ, ақша қаражаттарың жариялау процедурасы барынша жеңілдетілді.

Егер, бұрын, жария етілген ақша қаражаттары қаржы ұйымдарында 5 жыл

ағымында сақталуы және 10% алымның төленуі талап болса, қазіргі уақытта жария ету субъектісі ақша жария етілген жоңақ пайдаланып, өз қалауы бойынша иелік етуге құқылы. Ал ақша отандық банктердің шотына аударылса, 10%-дық алымның төленуі қажет емес.

Осымен бірге, жария етуге қатысушыларға ақшаны жария ету тәсілдерін таңдауға мүмкіндік берілді, олар: алымның төленуінсіз банктік шотқа ақша қаражаттарың салу арқылы немесе ақша қаражаттарың банктік шотқа салмай, жария етілетін ақша сомасынан 10%-дық алым төлеу арқылы.

Екі жағдайда да жария ету субъектісі тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органына арнайы декларацияны тапсырады.

Өрине, жоғарыда мазмұндалып, енгізілген өзгерістер байқаусыз қалған жоқ, елді елең еткізіп, жария етуге жүгінулер, әсіресе ақша бөлігіндегі оң беталыстар өз нәтижелерін өкелді.

Шығыс Қазақстан облысында, ақшаны жария ету бөлігіндегі өзгерістерді енгізгенге дейін мемлекеттік кірістер органдарына жүгінулер болмаса, оны жария етуде жеңілдетілген норма енгізілген соң ағымдағы жылдың 7 айында ғана жалпы сомасы 2 млрд. 418 млн. 920 мың теңгеге ақшаны жария ету үшін 15 декларация табыс етілді. Оның 14 декларациясы бойынша 2 млрд. 418 млн. 420 мың теңге банктік шотқа аудару арқылы және бір декларация бойынша 500,0мың теңге өтінішкер түрінде (10%-дық алымның төленуімен) заңдастырылды.

Тағы да бағалау құны 9млн. теңгеге жуық Түркияда орналасқан жылжымайтын мүлік және ШҚО аумағында орналасқан, басқа тұлғаға ресімделген сомасы 9,9млн.теңге құрайтын 11 объект жария етілді.

Сонымен бірге, тұрғындар сәйкес түрде ресімделіп тіркелмеген мүлікті жария етуге белсенді қатысуда.

Жарнаның жеңілдетілген нормаларының көмегімен Шығыс Қазақстан аумағында а.ж. 1 тамыздағы қалыпқа бағалау құны 9 млрд.202 млн. 756 мың теңгені құрайтын 2397 объект (3020 келіп түскен арыздан) заңдастырылды, оның ішінде бағалау құны 1 млрд.733 млн. 791 мың теңгеге 215 коммерциялық нысандар. Айта кету керек, коммерциялық нысандар ішінде тек қана сауда үйлері, дәмханалар, автожуулар, ТҚО ғана емес, сондай-ақ, әлеуметтік саладағы объектілер де бар. Сонымен, жария етіліп, іске балабақашалар, мәдени-сауықтыру орталықтары, деріханалар, оқу кешендері, деңсаулық сақтау объектілері (жеке медициналық орталықтар) және т.б. қосылуда.

Көрсетілген объектілер мен ақшалардың иелері оларды ертеңгі күні құзыретті органдарға шақырып, қаржыландыру көздері, ақшаның қайдан келгені, қымбат үйді қалай алғаны жайлы сұрайды деп қорықпады. Өткізіліп жатқан кампанияға сенім білдіргендері өте дұрыс болды, өйткені, жария етудің тағы бір ерекше оң жақтары болып жария ету субъектілеріне кепілдіктерді беру табылады.

Мүлікті жария етуге қатысты кез келген мәліметтер салықтық және банктік құпия болып табылады. Жария ету туралы мәліметтер таратылмайды, жария ету субъектілері қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік жауапкершіліктен бірқатар баптар бойынша босатылады, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз іс-әрекеттерден қорғалған. Мүлікті жария ету және ақша фактісі бойынша дәлел ретінде пайдалануға немесе қылмыстық істі қозғауға тыйым салынған. Жария етілген мүлік тәркіленбейді, ал жария етілген ақша табыс деп танылмайды, сондықтан салықтық жүктеме болмайды.

Осылайша, жалпыға бірдей декларацияны енгізген соң, еліміздің фискалды органдарында субъектінің қандай да бір мүлкінің пайда болу заңдылығы жөнінде сұрақ туындамас үшін, азаматтарға қазірден бастап ойлану, қажет болған жағдайда қолжетімді жария ету процедурасын пайдаланып, өзін қорғау керек.

Сондықтан да мүлікті жариялауға байланысты барлық мүмкіндіктерді қарастырып отырған Заң алдында жалтақтық танытпай, ертеңгі күннің қамын бүгіннен ойлау керек. Тура-тімен айтқанда, заң алдында жауап бергеннен гөрі, заң жолымен жүрген адамның әрдайым метрейі үстем болатынын ұмытпаған абзал.

**ШҚО бойынша МКД бас маманы
Тұрлыбекова Асем Қадырқызы.**

«ЖАНЫ АҚЫН» БОШАЙ

Бошай Кітапбаевтың дүниеден озғанына 2016 жылдың 5-ші қыркүйегінде бір жыл болады. Белгілі қаламгер, ғалым, әдебиеттанушы Шерияздан Елеукуновтың төмендегі мақаласы Бошай ақсақалдың бір жылдығына арналып жазылған. Ш.Р.Елеукунов – филология ғылымдарының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақ КСР-нің баспа істері, полиграфия және кітап саудасы Мемлекеттік комитетінің төрағасы (1971-1986 жж), Қазақстан Ғылым Академиясының М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры (1986-1988 жж).

Өткен XX ғасырдың елуінші жылдары Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» газетінде істеп жүргенімде редакция тапсырмасы бойынша Катон-Қарағай ауданында болып, қайтар жолда Үлкен Нарын ауданының Ленин колхозына соғып, Бошекемен жүздестім.

Түскі ас кезі. Ағамыз үйіне шайпай ішуге шақырды. Қазақ атаулы ол уақытта жатаған дөңгелек үстелде тамақтанатынбыз. Ал мына кісінің үйінде ресторандағыдай орындыққа отырып тамақ іштік. Нағима жеңешеміз алдымен борщ, сонсоң котлет, компотпен тамақтандырды. Болса да жүз грамы және бар. Сұрастыра келгенде бұл жаңалықтың да сырының шет жағасы ашылды. Нәкеңнің өскен отбасы орыстармен аралас-құралас болған. Жеңешеміз – орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін орта мектеп мұғалімі екен...

Өттең, дүние деп күрсінбесеңе амал жоқ, ағамыз тоқсанның үшеу-төртеуінде, артынша жеңешеміз дүние салды... Үстіміздегі жылғы тамыздың бас шенінде соңғы жылдары зейнетке шыққан соң Өскемен қаласында тұрған мекен жайларында Бошай аға мен Нағима жеңешеміздің жылдық асы берілмек.

Бұл өмірден біреу дүрілдеп өтеді, біреу дірілдеп өтеді демекші, Бошекеңдер заманында әрдайым алдыңғы лектен көрінетін: «Әйгілі Кітапбаев Бошай» есімін қазаққа білмейтіндер кемде-кем. Ол жайлы очерк, мақала, корреспондентиялар әлсін-әлі «Социалистік Қазақстан», облыстық «Дидар» газеттерінде, басқа да республика баспасөзінің беттерінде жиі жарияланып тұратын. Ең кереметі, Бошай Кітапбаев кейіпкер ретінде – қазақтың ұлы сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің «Бошайдың үш қарасы» атты көркем эссесінің және арынды ақын Ғафу Қайырбековтың «Алтай азаматы» дастанының геройы болды...

Ғабең не жазса да, материалын терең зерттеп жазатынын білеміз. Мына эссесі де геройын әр қырынан сыпаттайды. Әуелі Бошай Кітапбаевтың басшы ретінде істеген істері баяндалады. Ол он жеті жылдан бері Шығыс Қазақстан облысындағы Үлкен Нарын ауданындағы Ленин колхозының бастығы. Ленин колхозы, – делінген эсседің, – егісті колхоз. Жыл сайын гектарынан 25 центнерден астық алып отырады. Оның үстіне бұл ауылшаруашылық артелі – малды артель: 38 мың қойы, 7 мың қара малы, 2700 жылқысы бар шаруашылық ешқашан жұтқа ұрынған емес, әрдайым өсу жолында. Және озық мәдениетті колхоз. Кітапханалары, орта дәрежелі үш мектебі бар. Мұғалімдерін, агроном, зоотехниктерін, адам және мал дәрігерлерін қосқанда үлкен бір қауым интеллигенция.

Бошай Кітапбаев – әрі ғалым, ғылым кандидаты, заманымыздың озық азаматтарының бірі дей келе, «Ол бір жаны ақын адам» екендігін Ғабең айырықша атап көрсетеді. «Оның ақындығы жорға жүйріктеріне қойған аттарынан-ақ көрініп тұр... Бұлар – бүкіл республикамызға абырой-атақ әперіп жүрген әйгілі аттар: «Құланқара» мен «Бұланқара» – бәйге аттары, «Желмаясы» – жорға. Осы үш атауда қандай теңеулер, қанша поэзия жатыр! Бұл Құлатай, Сұратай, Жұматай деген сияқты мағынасыз ұйқастыра салған заттар емес, поэзиялық мән берілген, ат үстінде өскен елдің поэзиясының әуені бар атаулар», – дей отырып, Бошай Кітапбаевтың бапкерлік, атбегілік өнерін тәптіштеп бейнелеуге көшеді.

Қазақ «ат шаппайды, бап шабады» деген мәтел бар. Бабын таппасаң, не тұлпарың да көсіліп шаба алмайды. Осыған байланысты жазушы өз көзімен көрген бір жәйтті еске алады. Алматы ипподромында болған үлкен бір бәйгеде белгілі мемлекеттік және

қоғам қайраткері, әрі үлкен ғалым Кәрім Мыңбаевтың әкеліп қосқан торы төбелі ат бір айналым жалғыз дара озып келгенде, Ғабеңнің қасында отырған Мұхтар Әуезов Кәрімді көк желкеден түйгіштей бастапты. «Аузына «өй-өй!» дегеннен басқа сөз түспепті. Көзінде парлап кеткен жас еді». Ал сол Кәрім қайтыс болғаннан кейін екі жылдан соң бапсыз әкеліп қосылған әлгі бәйгі атының қара терге малынып, төрт аяғы төрт жаққа кеткен трагедиясының да куәсі болған.

Бұл антитеза, шендестіру тәсілі не үшін қолданылған дейтін емес. Геройының бапкерлік өнерінің ерекшелігін ашуды мақсат еткен. «Бошайдың үш қарасын», – деп жазады Ғабең, – мен екі ұлы тойда көрдім: алғашқы рет ұлы ақынымыз Абайдың туғанына 125 жыл толған тойында былтыр. Екінші рет күні кеше ғана өткен халықтық поэзияның алып ақыны Жамбыл бабамыздың туғанына 125 жыл толған тойында.

Абай тойында жиырма километрлік айналым бәйгеге 40-50 ат қосылып еді. Бошайдың «Құланқарасы» жеке-дара жалғыз келді. Оған ең таяу келе жатқан аттар бір айналым кейін қалды. Жорға жарысында Бошайдың «Желмаясы» тағы да жалғыз дара болып келді. Сегіз километр жорғалаған «Желмая» бусанған да жоқ. Сонымен, Абай тойының екі бас бәйгесін, бір екінші бәйгесін Бошайдың қаралары әкетті. Жәкеңнің тойында «Бұланқара» мен «Желмая» тағы да екі бас бәйгені әкетті. («Құланқара» ақсап қалды).

Бәйгелерге мініп шапқан 12 жасар бала Валерий Мартын, 14 жасар Ершоқ Өскенов эссе авторының назарынан тыс қалмаған. «Бақылаған адамға Бошай балаларының бұлжытпай ұстайтын бірнеше ұтқыр тәсілдері бары байқалады. Бұл балалар аттың өкпесін қысып тегіндейді. Аттың шабыс ырғағын бұзып, қамшыламайды. Шалқаймай еңкек отыратындықтан алдынан соққан жел (тығыз ауа) баланың кеудесіне де тірелмейді, ықшам киінгендіктен жел кеулеп етегінен де тартпайды».

Бұның бәрі, әрине, Бошекеңнің үйретіндісі. Ғабит Мүсірепов сонымен бірге ұлттық дәстүрімізді алдағы келе жатқан мерекелерде ұштай түсуге бағытталған проблемалық мәселелер көтереді. «Илаһи, әркім тойға Бошайдай әзірленгей ақты», – деп қорытады эссесін.

Бәйгі атты бағып-қағу өнері жөнінде бұған менің, осы жолдар авторының өз тарапынан қосарым, Бошекеңнің маған айтқан бір әңгімесі.

– Өзің білесің, – деді ол, – Катонда Мұзтау дейтін таудың етегінде Рахман қайнары дейтін әулие су бар. Сол қайнарға екі қара атты апаратынымын. Бәйгеде шапқан соң аттың алдыңғы екі аяғына қан түседі. Алдыңғы аяғынан әжептәуір ауырлайды. Ыстық суға салғанда, жылқы алқымынан бу шығып, сүйсініп тұрады...

Тағы да бір әңгімесінде Бошекең бәйге атын баптау өнерін әкесінен үйренгенін айтып отыратын. Әкесі Кітапбай өмір бойы колхоз жылқысын баққан адам. 1932 жылы колхозда 200 жылқы болса, 1942 жылы соғысқа аттанар алдында санын мыңға, соғыстан қайтып оралғанда екі жарым мыңға жеткізген. Кітапбай тұңғышы Бошайды 7-8 жасынан бері қасына ертіп жүріп атбегілікке баулыған.

Бошай Кітапбаев тұлғасының және бір жарқын қырлары Ғафу Қайырбековтың «Алтай азаматы» дастанында жарқырайды. Не өлеңдетсе де, дауылдатып өлеңдететін дауылпаз ақын:

...Соғыстан Бошай оралды
Кіндігі түскен жеріне.
Оң аяғы – ол қалды
Европаның төрінде», –
деп нөсерлетеді. Соғысқа Бошай



жасы 18-ге толар-толмас аттаныпты. Аяғы Витебск түбінде қалған. Маған анда-санда телефон соққанында Бошекең амаңдықтан соң сөзін: «жалғыз аяқпен міне пәленше жасқа келдім» – деп бастайтын. Мен: Бошеке, баяғының ескі ақындары «алпыс алқымыннан алды», «жетпіс желкеме мінді», «селкілдеген сексенге келдік», – деп зарланушы еді. Осы әдетіңізді қашан қоясыз? Онан да «Жалғанды жалпағынан басып өтіп, Жасарып, қайта туып, алдым бекіп» деп жырлайтын Жәкеңнің өзінен үлгі алып жүргеніңізді неге айтпайсыз?! – дейтінмін.

Ғафекең де дастанында «жарым-жан» кейіпкерінің қан майданнан оралысымен «шабытпен, оймен ел бастап, колхозды үлкейтіп, өсіргенін», шаруасы топтан ту алса, бәйге қосқан жүйрігінің «жүздеген тұлпар алдында» ойқаптап бөлек шауып «жүлде бермей» келе жатқанын жырлайды. Ал дастанының екінші бөлімі көділгі көркемдік тартысқа құрылған. Еңбек майданына кіргелі қырық жыл өткенінде бір күні геройының басына ой келеді: Ұлы Отан соғысынан оралмаған боздақтарға ескерткіш орнату керектігі хақында.

*Бес ауылға бес белгі
Орнатпақ болды мәрмәрден.
Қалдырмай жазып еш ерді,
Шыға алмай кеткен арманнан.*

Қимылы қатты Аға өрен ісін ойдағыдай аяқтайды. Салынған ескерткіште «Жарқырап алтын әріптер – Жайнады ерлер есімі». Енді оны салтанатты түрде ашуға аз-ақ қалғанда жоғары жаққа «арыздар ақты зуылдап». Кітапбаев өзіне колхоз есебінен тастан ойдырып ескерткіш жасап жатыр деген іспетті. Сол-ақ екен кертартпа аудан, облыс дөкейлері ескерткішті ашуға рұқсат бермей қояды. Бошекең бетінен қайтқысы келмей, ескерткіш жасауға шыққан шығынды өз қаражатынан төлемекке ыңғайланғанда әлгі кертартпалар «тоңқалаң асады». Жаңа басшылық Бошекеңнің бастамасын ел үшін, болашақ үшін жасалып жатқан игі іс деп жоғары бағалайды.

*Бес ескерткіш – үш жүз ер
Халқымен бүтін қол алып,
Шақырып тойға туған жер,
Келгендей болды оралып.*

Бұл оқиғаның мән-жайын мен де білетінмін. Ғафу дастанындағы «үш жүз» боздақтың біреуі туралы хикаяны Бошекеңнің өз аузынан естігенім бар-ды. Ол – Нұрқас Батырбаев деген Бошекеңнің ауылдас ағасы. Оның шарболат характерін мүсіндейтін сала құлаш роман жазуға да болар еді. Бошекең оны «бір өзі жүз кісілік» деп сыпаттайтын. Нұрқас 28 жасында «халық жауы» атанып 10 жылға сотталып, сонау Қиыр Шығыстағы Хабаровскідегі колониядан бір-ақ шығады. Сонда жүріп еті тірлігінің арқасында мұсылмандар колониясының бастығы болады. Еліне деген сағынышы ақыры майданға сұрануға мәжбүр етеді. Майданда жүріп жазған соңғы хаты былай басталады:

«22.IV.43. Сәлем хат.
Ардақты көруші жан жолдасым

Уәзипа, жалғызым Алтыбай, балдызым Пауза! Сендерге сағыныш жүректен сәлем жолдаймын!...»

Бошекеңнің маған жазған бір хатына қарағанда, Нұрқастың Алтыбайы қазір сексеннің сеңгірінде. Инженер болып қызмет еткен. Қазір басынан қатты ауырады екен. Әйелі Нұрсара, қызы Жанар бағып-қағып отыр...

Ғафу ақын майдангерлердің есімдері алтын әріппен жазылған Ескерткіштің ашылуын былайша суреттейді.

*Баяғы жарлар – жесірлер
Жаулықпен шашын жасырған.
Жарқырап алтын есімдер
Көздерге оттай басылған.*

*Келіншек күйге түскендей
Ерлерін қайта құшақтап,
Ғажайып күнді кешкендей
Кірпіктен жасы моншақтап.*

*Кемсеңдеп кемпір-шалдарың
Құшақтап тасты бас салып,
Сулайды орамалдарын,
Суалған көзден жас тауып...*

Қайран Ғафудың осы жыр жолдарын оқып отырғанында өзің де көзінді шылап аласың... Ерлердің есімін жаңғыртқан Бошекең ендігі болашақ жас ұланның да даңқты ата-бабаларының есімдерін біле жүрсін деп те ойламады дейсіз бе?!

Қазір бар үлкенді-кішілі оқығандардың көзі – интернетте. Бошай Кітапбаев туралы «Өнегелі өмір» сериясынан кітап, тіпті роман жазылса, қандай ғанибет іс атқарылар еді. Кітапбаев Бошай ағамыздың үйіндегі қабырғада Кеңес Одағының кешегі аса көрнекті қайраткерлері Пантелеймон Пономаренконың, Никита Хрущевтің, Леонид Брежневтің, Дінмұхамед Қонаевтың портреттері ілулі тұратын. Бұл жайдан-жай емес. Ол осы көсемдердің әрқайсысымен жолығысқан, олардың Бошекеңе тікелей шарапаты тиген. Мұзафар Әлімбаев ақын айтқандай, «Бас колхозшы Хрущев – бас ізепті дұрыс! – деп». Осы жәйттердің өзі бір жатқан хикая...

Менің үйімдегі кітап сөресінде «Тоғыз таңбалы найман» атты үш томдық шежіре кітап тұр. Оны құрастырған шежіреші кім десеңіз, тағы да сол – Бошекең, Бошай Кітапбаев ағамыз...

2009 жылы Өскемен қаласының ресторанында Ұлы Отан соғысының ардагері әкем Рүстемнің 100 жылдық мерейтойын өткіздім. Той президиумында әкемді білетін бұрынғы майдангерлер, бірі – Бошай Кітапбаев та болды. Рекенді жақсы білетін. Сол жайлы айта келе, жұртшылыққа той өткізуші маған бәйге атының бірін сыйлайтынын жариялады. Мен жай ет қызуымен айта салған шығар деп жүретінмін. Бошекеңнің Алматыда тұратын балалары бар. Соларға келгенде менің үйіме соқпай кетпейтін. Маған сол келісінің бірінде:

– Шерияздан шырақ, әнеуігі сөзім – сөз. Бәйгі атты саған қашан жеткізіп берейін демесі бар ма!

Мен біраз үнсіздіктен соң:

– Бошеке, оны мен қай жерде бағып күтпекпін? Алматыдағы екінші қабаттағы пәтеріме жетектеп кіргізе алмаймын да. Тіпті, соғым етіп те соя алмаймын. Обалына қаламын ғой... Онан да былай деп келіселік. Егер алда-жалда маған сыйлаған жануарды бәйгеге қоссаңыз, бұл Елеукунов Шериязданның аты деп жарияласаңыз, сол жетіп жатыр! «Атың шықпаса, жер өрте» деген. Оның қасында...

Маған жазған 25 беттен тұратын бір хатын Бошай аға: «Қымбатты, құрметті Шериязданымыз! «Жақсының жақсы білер сымбатын, Жаман қайдан білсін жақсының арзаны мен қымбатын» деп қазақтың бір асыл адамының айтқаны бар ғой, – деп бастайды.

Жарықтық Бошеке! Сіз өзіңіз – сол жақсылардың бірегейісіз. Иншалла, жеңешеміз екеуіңіздің жұмақтың төрінде отырғандарыңызға кәмілмін!

**Шерияздан ЕЛЕУКЕНОВ.
2016 ж., тамыз.**

У шақырылған Катонқарағай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 3 тамыздағы №4/36-VI шешімі

«Катонқарағай ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы» Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 35/274—V шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының «2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 34/406- V шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2016 жылғы 14 шілдедегі № 5/37-VI (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4607 нөмірмен тіркелген) шешіміне сәйкес, Катонқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Катонқарағай ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті туралы» Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 35/274-V шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4334 нөмірмен тіркелген, 2016 жылғы 26 қаңтардағы, 5 , 12 ақпандағы № 5, 6, 7 «Арай» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«2016-2018 жылдарға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2016 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 4 385 818,0 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 611 493,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 4 815,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 21 000,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 3 748 510,0 мың теңге;

2) шығындар – 4 401 682,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 25 824,0 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 38 178,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 12 354,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 41688,3 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 41688,3 мың теңге.». Аудандық мәслихаттың шешімімен бекітілген 1, 6, 7 қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес келесі редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы
Г.Ағажаева
Д.Бралинов

Нормативтік құқықтық акт 2016 жылғы 10 тамызда Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4640 болып енгізілді.

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 3 тамыздағы № 4/36 -VI шешіміне 1 қосымша
Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 35/274-V шешіміне 1 қосымша

2016 жылға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті

Санаты				Барлық кірістер (мың теңге)
Сыныбы				
		Ішкі сыныбы		
		Атауы		
1	2	3	4	5
			I.Кірістер	4385818,0
1			Салықтық түсімдер	611493,0
	01		Табыс салығы	268504,0
		2	Жеке табыс салығы	268504,0
		03	Әлеуметтік салық	211750,0
		1	Әлеуметтік салық	211750,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	100560,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	38150,0
		3	Жер салығы	12860,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	45050,0
		5	Бірыңғай жер салығы	4500,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметте рге салынатын ішкі салықтар	27829,0
		2	Акциздер	2098,0

		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	13545,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	12000,0
		5	Ойын бизнесіне салық	186,0
			Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2850,0
		1	Мемлекеттік баж	2850,0
2			Салықтық емес түсімдер	4815,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	16,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	16,0
			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	200,0
	04			

		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	200,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	4599,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4599,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	21000,0
		01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	14000,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	14000,0
		03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	7000,0
		1	Жерді сату	4000,0
		2	Материалдық емес активтерді сату	3000,0
4			Трансферттердің түсімдері	3748510,0
		02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3748510,0
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3748510,0

Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
		Бағдарлама		
		Атауы		
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	4401682,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	415376,0
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	16121,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16121,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	103710,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	102985,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	725,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	219119,0
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	210529,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8590,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	34848,0
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	32503,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1012,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1333,0

	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	17778,0
		001	Жергілікті деңгейде білім, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17778,0
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	0,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	0,0
	493		Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	8839,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8169,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	450,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	220,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	14961,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14961,0
	02		Қорғаныс	20255,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	20255,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	8312,0
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	11943,0

03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	8000,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	8000,0
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	8000,0
04			Білім беру	2894445,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	237089,0
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	98391,0
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	138698,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	2657356,0
		004	Жалпы білім беру	2420802,0
		009	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	26683,0
		005	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	75287,0
		028	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	57118,0
		020	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	17562,0
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	46031,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	13873,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	239526,0

(Жалғасы газеттің келесі санында)



Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті
Шығыс Қазақстан облысының Статистика департаменті
Катонқарағай ауданының Статистика басқармасы

ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Әлеуметтік - экономикалық дамудың қысқаша қорытындылары

2016 жылы шілде айында жұмыскерлерге есептелген орташа айлық жалақы 82 129 теңгені құрады, 2015 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 121,2 %.

2016 жылдың қаңтар- шілде айындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 703,1 млн. теңгені құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңінде негізгі капиталға 1 289,6 млн теңгенің инвестициялары тартылған.

2016 жылдың қаңтар- шілде айлары аралығында бөлшек саудада тауар айналымының көлемі 1 773,5 мың теңгені құрады, 2015 жылдың сәйкес кезеңіндегі тауар айналымының 93,8%.

Ағымдағы жылдың қаңтар- шілде айлары аралығында 1 567,6 млн.теңгенің тұтастай өнеркәсіп өнімдері өндірілді, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде өндірілген өнім 1 261,9 млн.теңгені құрады. Тамақ өнімдерін өндіру 814,2 млн. теңге, өткен жылдың сәйкес кезеңінде 972,1 млн теңгенің өнімі өндірілген.

2016 жылдың қаңтар- шілде айлары аралығында ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 7 447,5 млн теңгені құрады. Нақты көлем индексі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 101,8 %.

Есепті мерзім аралығында 534 шаршы метр тұрғын үй қолданысқа берілді.

Ауданда қаңтар- шілде айлары аралығында 650,2 млн .теңгенің құрылыс жұмыстары жүргізілді, бұл өткен жылдың салыстырмалы кезеңінде атқарылған құрылыс жұмыстарының 51,8 % құрайды.

2016 жылғы 1-шілдедегі жағдай бойынша тіркелген шағын бизнес кәсіпорындарының саны 139 бірлікті құрады, жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны 98 бірлік, соның ішінде белсенді кәсіпорындар саны 84, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 84,8 % азайғаны байқалады.

Ерік Мамыров,
аудандық статистика
басқармасының басшысы.

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында).

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

ТЕРРОРИСТІК АКТІЛЕРДІ БОЛДЫРМАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

Жарылғыш құрылғылардың іске қосылуы нәтижесінде жарылыс аймағында немесе ғимараттың қираған үйінділерінің арасында қалған тұрғындарға арналған жадынама

Егер сіз жарылу аймағында қалсаңыз, естен танбай, қимылдай алатын халде болсаңыз, ең бірінші кезекте түтін мен жалын жоқ жерге қарай жүруге, еңбектеуге тиіссіз.

Егер сіз жарылыс кезінде зардап шекпесеңіз, ал қасыңызда зардап шеккен адамдар болса, олардың жан-күйлерін бағалаңыз: тамыры соға ма, адам есін жоғалтқан жоқ па? Ешқашан оның есін мүсәтір арқылы жиғызға тырыспаңыз. Естен тану – бұл организмнің сыртқы әсерден қорғануы. Егер зардап шеккен адамның сыңған жерлері болмаса (оның сүйектерін мұқият басып көріңіз), оны қырынан жатқызыңыз. Ол шалқасынан жатса, құсыққа шашалып, етпетінен жатса тұншығып қалуы мүмкін. Күре тамырдан қан кеткен (алқызыл қан шапшып жатса) кезде жарақатты неғұрлым тез, тым болмағанда саусақпен басып, содан соң жараның жоғары жағынан жіппен, белбеумен, баумен, белдікпен таңу керек.

Егер сіз ғимараттың қираған үйінділері арасын-

да қалсаңыз, саябырлауға тырысыңыз. Терең және бірқалыпты тыныс алыңыз. Өзіңізді құтқаратынына иландырыңыз. Дауыстап және заттарды соққылау арқылы адамдардың назарын аударыңыз. Егер сіз ғимараттың қираған үйінділерінің түбінде қалсаңыз, сізді жаңғырық дыбыс анықтағыш арқылы тауып алу үшін кез келген металл затты (сақина, кілт және т.б.) оңды-солды қозғап, дыбыс шығарыңыз.

Егер бекітулі кеңістікте болсаңыз, оттықты тұтандырмаңыз. Оттегін сақтаңыз.

Қабырғалардың қайта опырылып құлауын болдырмауға тырысып, абайлап жылжыңыз, сырттан соққан ауаның қозғалысы бойынша бағдар ұстаңыз. Егер мүмкіндігіңіз болса, қолға ұстауға келетін заттардың (тақтайлар, кірпіштер және т.б.) көмегімен төбені бекітіңіз, содан соң көмек күтіңіз. Қатты шөл қысқан кезде кішкентай тасты аузыңызға салып, сорыңыз, мұрныңызбен тыныс алыңыз.

(Жалғасы бар).

ЕСКЕ АЛУЛАР



Топқайың ауылының тумасы, Катонқарағай ауылының тұрғыны болған ардақты әке, аяулы жар, ұлымыздай болған күйеу баламыз **Серғазин Жанарбек Қайырдыұлы** аман-есен жүрген болса, 9 қыркүйекте 39 жасқа толар еді. Мейірімсіз ажал, қатал тағдыр оны көрем деген қызығын көрсетпей, ойлаған арманына жеткізбей, ортамыздан тым ерте алып кетті.

Кетер ме ауыр қайғы жүректегі, Сағынбай Жәке өзінді күн өтпеді. Тағдырға не жазып ек телміртердей, Жансыз тұрған бейнеңе суреттегі. Ағайыны көтерген ұл төбесіне Ерте мінді келместің кемесіне.

Амал не көп қызығын көрмей кетті, Отыз сегіз деген өмір белесінде. Не айтарсың бұл пәнидің жалғанына? Жетпеді, жете алмады арманына. Орнында бар оңалар деп тілейік, Бір Алла ғұмыр берсін балаларына.

Асыл бейнең мен нұрлы жүзінді өмірбойы жүрегімізде сақтап өтеміз. Жатқан жерің жайлы, иманың жолдас болсын.

Еске алушылар: зайыбы-Гүлфайруз, қайынатасы –Тілеухан, қайыненесі- Бекзат және қайынағалары мен балдыздары.

2016 жылдың 9 қыркүйегі күні сағат 12.00-де Катонқарағай ауылындағы қатымханада **Серғазин Жанарбек Қайырдыұлының** жылдық асын береміз.

Соған барлық туған-туысқандарымызды, құда-жегжаттарымызды, достарымызды, ауылдастарымызды шақырамыз.

Асқа шақырушы: зайыбы - Гүлфайруз.

Жаңауыл ауылының тұрғыны болған ардақты атамыз, асқар таудай әкеміз болған **Базанов Зарқым Қапасұлының** дүниеден өткеніне бір жыл толуына орай, сағынышпен еске аламыз.

Жан әке, ата! Жатқан жеріңіз жұмақтың төрі, жамылған топырағыңыз торқа, иманыңыз жолдас болып, жаннатта нұрыңыз шалқысын!

2016 жылдың 12 қыркүйегінде сағат 12.00-де

Жаңауыл ауылында әкеміздің аруағына арнап ас беріп, құран бағыштаймыз.

Соған барлық ауылдастарымызды, туған-туысқандарымызды, құда-жегжаттарымызды, достарымызды шақырамыз.

Еске алып, асқа шақырушылар: балалары, немерелері, шөберелері.

Майемер орта мектебінің ұжымы осы мектептің қызметкерлері Нұрсапарова Раушан Қашашқызына - қайыны және Нұрсапаров Ержанға - інісі

Төлегеннің қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры М.Ә.Белдекбаев	Компьютерлік беттеу операторы: Жанар Рахимбаева Газет немірі бойынша кезекші: Нұрзада Исабаева	Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті Бас редактор Жомарт Жақыпов	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	

Газет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 2 баспа табақ. **Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.** Нөмірдің таралымы - 2465 дана: «Арай»-1430, «Луч»-1035. № 7824

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Шыңғыстай ауылының тұрғыны, бауыр- мал, қамқор туысымыз, алтын жүректі, ақпейіл апайымыз **БАЗАРБАЕВА БАҚСАРА ҚАЛИҚАНҚЫЗЫН** шын жүректен туған күнімен құттықтаймыз! Ол ағайынға, жақын-жұрағатқа ғана емес, айналасындағы барша жұртқа сыйлы, беделді, үлгі алар құрметті апай, медицина саласының ардагері. Келешекте қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне бөлене беріңіз дей отырып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз:

*Құтты болсын 70 жасыңыз,
Сексеннің де сеңгірінен асыңыз.
Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз!
Балалардың арасында жүріңіз,
Шаттық нұрдан айықпасын жүзіңіз!
Тілек еттік шын жүректен бәріміз
Мықты болып, ұзақ өмір сүріңіз!
Бір Жаратқан жар болып, қорғай жүрсін,
Ата-баба аруағы қолдай жүрсін.*

Ізгі тілекпен жұбайы - Нұрлан Сейтенұлы, балалары, немерелері және туған-туысқандары.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

1990 жылы салынған 2 пәтерлі кірпіш үйде 4 бөлмелі пәтер сатылады. Ішінде суы, канализациясы бар, электр қуатымен және пешпен жылытылады, моншасы, көлік-жайы, жазғы ас үйі бау-бақшалық жері бар. Орталық қазандыққа жақын.

Бағасы келісім бойынша.
Телефондар: 87778508740; 2-93-95 (Үлкен Нарын ауылы).

«Берел орта мектебі» КММ-не 2016-2017 оқу жылына орыс тілі пәні мұғалімі (23 сағат жүктемемен) қажет.
Тел: 87234250970.

«Қабырға негізгі орта мектебі» КММ-не 2016-2017 оқу жылына төмендегідей мамандар қажет:

- математика пәні мұғалімі – 11 сағат;
- орыс тілі және әдебиет пәні мұғалімі – 12 сағат;
- бастауыш сынып мұғалімі (декреттік демалыстағы);

- музыка пәні мұғалімі – 4 сағат;
- география пәні мұғалімі – 4 сағат.
Толық мәліметті **2-02-91** телефоны арқылы алуға болады.

«Чернова орта мектебі» КММ-не 2016-2017 оқу жылына төмендегідей мамандар қажет:

- математика пәні мұғалімі – 18 сағат;
- тарих пәні мұғалімі – 9 сағат;
- орыс тілі пәні мұғалімі – 10 сағат;
- лаборант – 3 бірлік;
- бөлме тазалаушы – 1 бірлік.
Байланыс телефоны: 8(72342)50-6-85; 20-9-13. Аққайнар ауылы.

«Үштөбе негізгі орта мектебі» КММ-не 2016-2017 оқу жылына төмендегідей мамандар қажет:

- биология пәні мұғалімі – 6 сағат;
- тарих пәні мұғалімі – 9 сағат;
- география пәні мұғалімі – 6 сағат;
- химия пәні мұғалімі – 4 сағат;
- физика пәні мұғалімі – 4 сағат;
- математика пәні мұғалімі – 20 сағат;
- орыс тілі пәні мұғалімі – 4 сағат;
- психолог – 0,5 сағат.

Қойылатын талаптар: мамандығы бойынша арнаулы орта немесе жоғары білімі болуы қажет.

Мекен-жайы: Үштөбе ауылы, Тохтаров көшесі, 3.
Байланыс телефоны: 8-723-41-2-79-17.

Солоновка ауылындағы «Балауса» балабақшасына төмендегідей мамандар қажет:

- электрик жұмысшы - 0,5 ставка (білімі бойынша міндетті түрде электрик болуы тиіс) және 0,5 ставка ғимаратқа күтім жасаушы жұмысшы;
- тәрбиеші - 1 ставка (білімі педагогикалық - мектепке дейінгі, мектепке дейінгі мекемеде жұмыс етілі болғаны дұрыс).

Телефондар: 2-33-45; 87029558981.
Мекен-жайы: Солоновка а., Советская к-сі, 3/1.